	Шымкент университеті	
	<b>Сапа менеджмент жүйесі</b> <b>Теңдік, әртүрлілік және инклюзия саясаты</b>	беті. 1 - 8



**БЕКІТЕМІН**  
 Шымкент университетінің  
 ректоры, ф.ғ.д., профессор  
Н.А. Сейітқұлов  
 «05» / 01 2026 ж.

### САПА МЕНЕДЖМЕНТ ЖҮЙЕСІ


### ТЕҢДІК, ӘРТҮРЛІК ЖӘНЕ ИНКЛЮЗИЯ САЯСАТЫ

СМЖ ШУ УС 01-62-2026

қызметі	қолы	А.Ж.Т.
<b>Келісілді:</b>		
Академиялық мәселелер және стратегиялық даму жөніндегі проректор		Керімбекова А.А.
Стратегиялық даму және ішкі сапаны қамтамасыз ету департаментінің басшысы		Айдарова А.А.
Заң қызметінің басшысы		Асилханов Н.С.


қызметі	қолы	А.Ж.Т.
<b>Әзірлеген:</b>		
«Педагогика» кафедрасының меңгерушісі		Ибрагим Қ.Ә.
Педагогика және психология ғылыми-зерттеу институтының директоры		Рахымбердиева Ж.Ш.

Құжаттың жарамдылық мерзімі: «05» 01 2026ж. «05» 01 2029ж. дейін	Енгізілді: № 03/1008 бұйрық  Енгізілген күні: «05» 01 2026ж.	СМЖ ШУ УС 01-62-2026  Басылым 1  Тіркеу № 62  Көшірме № 1
ұзартылды: «__» _____ 20__ г.		

	<b>Шымкент университеті</b>	
	<b>Сапа менеджмент жүйесі</b> <b>Теңдік, әртүрлілік және инклюзия саясаты</b>	беті. 2 - 8

## **Мазмұны**

1. Кіріспе .....	3
2. Әртүрлілік, теңдік және инклюзия принциптері .....	3
3. Міндеттемелер .....	4
4. Адам құқықтарын сақтау .....	5
5. Іске асыру .....	5
6. Қорытынды .....	6
7. А қосымшасы.....	7
8. Б қосымшасы.....	8

	<b>Шымкент университеті</b>	
	<b>Сапа менеджмент жүйесі</b> <b>Теңдік, әртүрлілік және инклюзия саясаты</b>	беті. 3 - 8

## **1. Кіріспе**

**1.1** Осы саясаттың мақсаты – Шымкент университетінде этникалық шығу тегі, діні, мүгедектігі, иммиграциялық мәртебесі, жынысы немесе басқа да жеке ерекшеліктеріне қарамастан барлық білім алушылар мен қызметкерлер үшін тең мүмкіндіктерге кепілдік берілетін және қолдау көрсетілетін инклюзивті білім беру ортасын қалыптастыру. Саясат мүгедектігі бар адамдарды, иммигранттарды және академиялық өмірге қатысуда түрлі кедергілерге тап болатын өзге де топтарды қоса алғанда, халықтың барлық санаттары үшін білім беру және кәсіби мүмкіндіктерге қолжетімділікті арттыруға бағытталған.

### **1.2 Саясаттың қолданылу аясы**

Бұл саясат университет қызметінің барлық бағыттарын қамтиды, оның ішінде студенттерді қабылдау, жұмысқа орналастыру, кәсіби даму, академиялық өмірге қатысу және ерекше қажеттіліктері бар қызметкерлер мен студенттерге қызмет көрсету мәселелері бар. Саясат университеттің барлық мүшелеріне – студенттерге, оқытушыларға, қызметкерлерге, сондай-ақ келушілер мен жеткізушілерге қолданылады.


## **2. ӘРТҮРЛІЛІК, ТЕҢДІК ЖӘНЕ ИНКЛЮЗИВТІЛІК ҚАҒИДАТТАРЫ**

**2.1** Шымкент университеті теңдік қағидаттарын сақтауға берік сенеді және өз қауымдастығындағы барлық адамдардың қадір-қасиеті мен құқықтарын құрметтеуге негізделген инклюзивті орта құруға ұмтылады.

**2.2** Біз әртүрлілік пен теңдік білім мен ғылыми зерттеулердің жоғары сапасына ықпал ететін табысты академиялық қоғамдастықтың негізгі қағидаттары екеніне сенімдіміз. Осыған байланысты біздің университет теңдік, әртүрлілік және инклюзия принциптерін, сондай-ақ университет қауымдастығының барлық мүшелері үшін адам құқықтарын сақтауға міндеттенеді.

**2.3** Қазақстан Республикасының Конституциясы (1995 ж.) адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтарын бекітетін негізгі нормативтік-құқықтық акт болып табылады. Оның ережелері жеке тұлғаны еңбек қатынастары саласында да, жалпы қоғамдық өмірде де кемсітушіліктің, қудалаудың, қорқытудың және құрбан етудің кез-келген түрінен қорғаудың құқықтық негізін құрайды.

**2.4** Университет әртүрліліктің құндылығын және оның анағұрлым бай әрі инновациялық білім беру ортасын қалыптастырудағы рөлін мойындайды. Біз студенттер мен қызметкерлер арасындағы мәдени, этникалық, гендерлік және әлеуметтік әртүрлілікті қолдаймыз және ынталандырамыз.

	<b>Шымкент университеті</b>	
	<b>Сапа менеджмент жүйесі</b> <b>Теңдік, әртүрлілік және инклюзия саясаты</b>	беті. 4 - 8

**2.5** Университет мәдени әртүрлілікті және өзара түсіністікті дамытуға ықпал ететін студенттік қауымдастықтар мен ұйымдарды белсенді түрде қолдайды. Біз әртүрлі өмірлік тәжірибелері мен көзқарастары бар адамдар арасындағы өзара әрекеттестік тұлғалық және кәсіби дамуға ықпал етеді, сондай-ақ білім мен ғылымды түсіну көкжиегін кеңейтеді деп сенеміз.

**2.6** Университет әрбір адамға білім беру үдерісіне, ғылыми қызметке және университеттің мәдени өміріне қатысу үшін тең мүмкіндіктер берілетін инклюзивті орта қалыптастыру бағытында белсенді жұмыс жүргізеді.

**2.7** Шымкент университеті білім алуға қолжетімділікке кедергі келтіретін немесе ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушылардың мүмкіндіктерін шектейтін кез келген тосқауылдарды жоюға ұмтылады. Осы мақсатта пандустарды, көтергіш құрылғыларды, қолайлы кіреберістерді, тактильді бағыттағыштарды және басқа да қолжетімділік элементтерін орнатуды қамтитын кедергісіз орта құру және бейімдеу жұмыстары жүзеге асырылады.

**2.8** Университетте бейімделген білім беру технологияларын және жеке оқу жоспарларын қоса алғанда, арнайы қолдау бағдарламалары әзірленіп, енгізілуде. Жоғары оқу орнының ресми сайтында көру қабілеті төмен адамдарға арналған арнайы режим орнатылған. Сонымен қатар, дене белсенділігін арттыру мақсатында оқу сабақтарының баламалы түрлері ұйымдастырылады.

**2.9** Университетте студенттерге психологиялық қолдау көрсету қызметі және инклюзивті білім беру жөніндегі жұмыс тобы жұмыс істейді. Олар білім алушыларға оқу үдерісіне бейімделуге, денсаулықты сақтауға, құқықтарын қорғауға және бос уақытын тиімді ұйымдастыруға көмек көрсетеді.


### **3. МІНДЕТТЕМЕЛЕР**

**3.1** Шымкент университеті жасына, жынысына, этностық тиесілігіне, діни наным-сеніміне, физикалық мүмкіндіктеріне, әлеуметтік немесе экономикалық жағдайына, жыныстық бағдарлануына және басқа да сипаттамаларына қарамастан барлық студенттер мен қызметкерлер үшін тең мүмкіндіктер жасауға ұмтылады.

**3.2** Университет еңбекке ақы төлеуде гендерлік теңдікті сақтауға, студенттерді қабылдау кезінде тең мүмкіндіктерді қамтамасыз етуге және әйелдерді, мүгедектігі бар адамдарды, сондай-ақ қосымша қолдауды қажет ететін өзге де топтарды қолдауға қолайлы жағдайлар жасауға міндеттенеді.

**3.3** Осы саясат аясында Шымкент университеті инклюзивтілік пен теңдікті қамтамасыз ету, сондай-ақ академиялық және кәсіби ортада әлеуметтік әділеттілік пен тұрақтылықты нығайтуға бағытталған бастамаларды дамыту жөніндегі жұмыстарын жалғастырады.

**3.4** Қызметкерлер мен білім алушылар келесі этикалық міндеттемелерді өз мойнына алады:

	<b>Шымкент университеті</b>	
	<b>Сапа менеджмент жүйесі</b> <b>Теңдік, әртүрлілік және инклюзия саясаты</b>	беті. 5 - 8

- осы саясаттың мазмұнын толық түсіну және мойындау;
- қолайсыз мінез-құлықтың кез келген түріне күмән келтіріп, оны қауіпсіз түрде анықтап, жария ету.

**3.5** Университеттің психологиялық қолдау қызметі көмекке мұқтаж адамдарға құпиялылық қағидатын сақтай отырып, қажетті көмек пен психологиялық қолдау көрсетуге ұмтылады.

#### **4. АДАМ ҚҰҚЫҚТАРЫН САҚТАУ**

**4.1** Шымкент университеті адам құқықтары саласындағы халықаралық нормаларды толық қолдайды және оларды күнделікті қызметінде сақтауға бар күшін салады. Біз зорлық-зомбылықтан, қудалаудан және мәжбүрлеуден азат орта қалыптастыруға ұмтыламыз.

**4.2** Университет қауымдастығының әрбір мүшесінің құқықтары мен бостандықтарын құрметтеуді қолдайды және олардың бұзылуының кез келген жағдайын барынша жауапкершілікпен қарай отырып қарастырады. Сонымен қатар, барлық қатысушылардың пікірлері тыңдалып, құқықтарының қорғалуына кепілдік береді.


**4.3** Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат шеңберінде университет адалдық пен парасаттылық мәдениетін белсенді түрде ілгерілетіп, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарының орын алуына жол бермейтін білім беру жүйесін қалыптастырады. Оқытушылар, студенттер және қызметкерлер Оқытушының ар-намыс кодексі мен Студенттің ар-намыс кодексін басшылыққа алады.

**4.4** Саясаттың орындалуын мониторингілеу университеттегі инклюзивтілік пен теңдік деңгейін бағалауға бағытталған студенттер мен қызметкерлер арасында тұрақты есептер мен сауалнамалар жүргізуді қамтиды. Мониторинг нәтижелері және саясатты іске асыру барысы туралы ақпарат университеттің ресми сайтында жарияланатын есептерде орналастырылады.

**4.5** Әділдік пен тең мүмкіндіктер қағидаттарын тек академиялық ортада ғана емес, сондай-ақ қызметкерлермен, білім алушылармен, қонақтармен, сыртқы қызмет көрсетушілермен, жеткізушілермен және университет қызметіне қатысатын басқа да тұлғалармен өзара қарым-қатынаста сақтау аса маңызды болып табылады.

#### **5. ІСКЕ АСЫРУ**

**5.1** Осы саясатты іске асыру шеңберінде университет студенттер мен қызметкерлер үшін әртүрлілік, теңдік және инклюзивтілік мәселелері бойынша тұрақты түрде тренингтер мен семинарлар өткізеді. Сонымен қатар, біз

	<b>Шымкент университеті</b>	
	<b>Сапа менеджмент жүйесі</b> <b>Теңдік, әртүрлілік және инклюзия саясаты</b>	беті. 6 - 8

инклюзивті кеңістік қалыптастыруға және маргиналданған топтарды қолдауға бағытталған студенттік және қоғамдық бастамаларды белсенді түрде қолдаймыз.

**5.2** Университетте жастардың ынтымақтастығы мен достығын нығайтуға, өзара түсіністік пен бірлікті дамытуға, сондай-ақ барлық халықтардың құқықтары мен бостандықтарының теңдігін дәріптеуге бағытталған іс-шаралар тұрақты түрде өткізіледі. Біз қауымдастығымыздың барлық мүшелерін құрметке, ынтымақтастыққа және теңдікке негізделген орта құруға өз үлесін қосуға шақырамыз. Бұл мәдени әртүрлілікті дамытуға және әрбір адамның құқықтарын қолдауға мүмкіндік береді.

**5.3** Осы саясат университеттің ресми сайтында жарияланған және әрбір қызметкер мен студент үшін қолжетімді. Бұл олардың теңдікті қамтамасыз етуге, әртүрлілікті қабылдауға және инклюзивтілікті дамытуға қатысты өз құқықтары мен міндеттері туралы толық хабардар болуын қамтамасыз етеді.

## **6. ҚОРЫТЫНДЫ**

**6.1** Шымкент университеті өзінің академиялық ортасында теңдік, әртүрлілік және инклюзивтілік қағидаттарын ұстанады. Тең мүмкіндіктерді қамтамасыз етуге және инклюзивті білім беру ортасын қалыптастыруға бағытталған бұл саясат университеттің стратегиялық дамуының маңызды құрамдас бөлігі болып табылады.

**6.2** Осы мақсаттарға қол жеткізу үшін университет басшылықтан бастап әрбір қызметкер мен студентке дейін барлық деңгейде белсенді жұмыс жүргізеді. Мониторинг, тренингтер өткізу және есептілік сияқты қабылданатын барлық шаралар саясаттың тиімді іске асырылуына және әрбір адамның өсуі мен дамуы үшін тең мүмкіндіктерге ие болатын қолдаушы орта қалыптастыруға ықпал етеді.

**6.3** Бұл саясат теңдік пен инклюзивтілікті қамтамасыз етіп қана, қоймай, сонымен қатар университеттің әлеуметтік жауапкершілігін және ұзақ мерзімді тұрақтылығын нығайтуға ықпал етеді. Ол университет қауымдастығының барлық мүшелерінің айырмашылықтарына қарамастан дамуына қолайлы орта қалыптастырады.



